

ТІЛ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

Мейірбек ОРАЗОВ

(Шымкент)

Бауыржан НАСИРДИНОВ

(Түркістан)

“ДАЛА УАЛАЯТЫНЫҢ” ГАЗЕТІНДЕГІ –МЫШ, -МІШ ТҰЛҒАЛЫ ЕСІМШЕ

В статье рассматривается применение аффиксов –мыш, -миш в газете “Дала уалаятның газеті” и в древнетюркских письменностях.

Makalede müş-miş şeklindeki fiil sıfatının “Dala Vilayeti Gazetesindeki” kullanış özellikleri ve onun Eski Türk yazıtlarındaki yansımaları ele alınmaktadır.

Қазақ халқының ана тіліндегі мерзімді баспасөзінің 1870-жылы Ташкент қаласында тұңғыш рет жарық көрген “Түркістан уәләятының газеті” мен 1888 жылы Омбы қаласында дүниеге келген “Дала уәләятының газетінен” басталып, қазіргі кезге дейін жарияланған мыңдаған мерзімді басылымдармен ұласатын көлемді тарихы бар [1]. Ұлтымыздың сан ғасырлық көмескі тартқан рухын оятуда және де білім нәрімен сусындауына айтарлықтай үлес қосқан баспасөзіміздің тарихын зерттеу ісі өткен ғасырдың орта шенінде қолға алынды. Ғалымдардың түрлі сала бойынша зерделеген еңбектері жарыққа шығып, көпшілік оқырман қауымға таныла бастады. Атап айтқанда: Қ.Бекхожин “Қазақ баспасөзінің даму жолдары”, Б. Әбілқасымов “Алғашқы қазақ газеттерінің тілі”, С. Исаевтың “Қазақтың мерзімді баспасөз тілінің дамуы”, Н.Қарашеваның “XX ғасырдың басындағы қазақ публицистика тілінің ерекшеліктері” және басқа да тілші, әдебиетші ғалымдарымыздың еңбектері бар. Бұл еңбектердің қай-қайсысын алсақ та ұлттық баспасөздің өткенімізден алатын орнын, тіліміздің даму кезеңдеріне қосқан үлесін қазіргі әдеби тіл нормаларымен салыстырғандағы түрлі ерекшеліктерінің әр қырын ашуға тырысқан көлемді еңбектер.

Жұмысымыздың негізгі мақсаты-жоғарыда аталған ғалымдардың еңбектеріне және қазақ тілі мен әдеби тіл тарихы туралы жазылған еңбектерге сүйене отырып, ұлтымыздың алғашқы басылымдарындағы кейбір грамматикалық ерекшеліктерін қазіргі әдеби тіл нормаларымен салыстыра отырып көрсету.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ баспасөзінің тілдеріне және қазақ тілі грамматикасы туралы орыс ғалымдары жазған ғылыми дерек көздеріне қарағанда қазақ тілінің негізгі грамматикалық тұлға тәсілдері қазіргі кездегіден көп өзгеріссіз сипатта қалыптасып үлгергені көрінеді. Тіліміздегі септеу, тәуелдеу, жіктеу жүйелері, етістіктің шақ, етіс т.б. категориялары қазіргідей нормаланған [2]. Дегенмен, бұл кезеңдегі газеттер немесе кейбір ірі қалалардың баспаханаларында шығарылған

кітаптар тілін қазіргі тіл нормларымен салыстырғанда араларында ешқандай айырма өзгеріс жоқ деп айтуға болмайды. Себебі кейбір грамматикалық тұлғалардың өзге түркілік варианттарының қолданылғандығын көреміз. Мәселен: 1) өткен шақ есімшенің **-ған** қосымшасымен қатар **-мыш** қосымшасы қатар қолданылды. “**Айтылмыш** патша қатынның жоғарғы **айтылмыш** сөздері бек қатты ұнасып, көңіліне тиіп үшбу күнге шейін ашылмай тұрған ақылын қозғап, мәзкүр қатын ғашық болды Соломонға”(ДУГ 1888,17).

2) есімшенің **-ар, -ер** қосымшаларымен қатар **-үр, -үр, -ыр** варианттары қолданылды. “Мал дәулеттің байлығы бір жұтсаң жоқ **болыр**, оқымыстының байлығы күннен-күнге көб **болыр**”[4]. “Ауылыңда қартың болса жазуб қойған хаттай **болұр**, есік алдында төбең болса, ерттеп қойған аттай **болұр**”[5].

3) **Шейін** шылауының **че** варианты **мен, менен** шылауымен қатар **бірлән, бірлә, илән, бұл, осы** есімдіктерінің түркілік **каю, үшбу, мәзкүр** сонымен қатар қазақ тілінің өз тұлға тәсілдерінің берілуінде де ерекшеліктер көптеп кездеседі. **-атын** есімшесінің **-атұрған, -атұғын** секілді варианттары қатар қолданылған [6].

Қазіргі қазақ тілінде өткен шақты есімше **-ған, -ген, -қан, -кен** жұрнақтары арқылы жасалып, сөйлемде екі түрлі қызмет атқарады. Оның бірі-есім сөздердің алдында келіп, анықтауышы болса, екіншісі-белгілі шақта тұру арқылы етістік қызметін атқарады [7]. Мұның **XIX** ғасырдың екінші жартысындағы алғашқы баспасөз құралдарының бірі, яғни “Дала уәләятының газетінде” де осы қызметтерде жұмсалғанын көреміз. Сонымен қатар, бұл басылымда есімшенің атрибуттық қызметте жұмсалған жұрнақтарының орнына **-мыш, -міш** тұлғаларының да қолданылған варианттарын көреміз. Мысалы: “қашып құтылып, қайыққа мініп, жүздіріп, **айтылмыш** аралға кемеге мінген бұзықшы жау бар ма деп тосып отырыпты” (ДУГ 1889,11) Бұл тұлға Абайдың қара сөздерінде де кездеседі. Ақынның қара сөзінде ырықсыз етістің **-ыл** тұлғасынан кейін келіп қолданылған: “Бұл сөзіме нақия дәлелім жоғарыда **жазылмыш** Алла тағаланың есімдері. Бұл **айтылмыш** үш хисләттің иелерінің алды пайғамбарлар [8]. Абай шығармаларының тілін зерттеген Р. Сыздықова бұл тұлғаны стильдік мақсатта пайдаланған деп көрсетеді [2,285]. Сонымен қатар **-мыш, -міш** қосымшалары сол кезеңде баспадан шыққан “Бозжігіт” қиссасында, ресми іс қағаздар үлгілерінде де кездеседі [7,178]. **-Мыш** қосымшасы “Дала уәләятының газетінде” көбіне есім сөздерінің алдында келіп, анықтауыштық қызмет атқарған. Мысалы: “Берлин шаһарының театрында яғни ойнайтұғын үйінде неміс жұртының һәр түрлі нәрсені жазып шығарушысы Пол Гейзе деген адамның жазып **шығармыш** бір кітабынан алынып **айтылмыш** театрында ойнаған екен.(ДУГ 1888,17) Бұл сөйлемде **-мыш** тұлғасы екі түрлі мәнде қолданылып тұр. Бірі күрделі етістік құрамында келіп, баяндауыш болса, екіншісі ырықсыз етіс қосымшасынан кейін келіп, анықтауыш мағынасында қолданылып тұр. **-Мыш** тұлғасы газет беттерінде тек ырықсыз етіс

қосымшаласынан кейін келіп қана қоймай, етістіктің түбіріне жалғанып та қолданылған. “Өзінің хия **болмыш** халіне риза боп, бір бай көпес боп жаңадан өзіне ат ойлай бастады”. “Барша **болмыш** уақиғаларды естіп, неше-неше ондан Самарқан облысына жиыла бастаған.”(ДУГ1900,41) Сонымен қатар газет материалдарында **-мыш** тұлғасы өзінен кейін көптік жалғауын қабылдап, септеліп келген түрінде кездестіреміз. “Сен, адам **жаратылмышлартын** тажысын, сенің суретің мағыналы артық болады, саған сөйлер сөз һам ақыл беріледі.”(ДУГ. 1889/6) Бұл мысалдағы **-мыш** негізінен етістіктен зат есім тудыратын **-ыс** тұлғасының орнына жұмсалып тұр. Мысалы: **жаратылыс- жаратылмыш**. ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы мерзімді баспасөз бетіндегі, яғни “Дала уәләятының газетіндегі” **-мыш** тұлғасының қолданылуы өте сирек екендігін көреміз. Оның орнына қазіргі әдеби тіліміздегі норма болып қалыптасқан **-ған, -ген, -қан, -кен** тұлғаларының жұмсалғандығын аңғарамыз.

Б. Әбілқасымов өз еңбегінде **-мыш** тұлғасының “Дала уәләятының газетінің” 1902 жылғы 3-ақпан күні шығарылған санында **-ған** қосымшасының 93 мәрте, **-мыш** қосымшасының 5 мәрте кездескенін, ал 1890 жылғы 17 тамызында, 1896 жылғы 10-наурызында шығарылған сандандарында **-мыш** қосымшасының мүлдем кездеспегенін көрсеткен [7,181]. Тіл тарихын зерттеген ғалымдарымыздың еңбектерінде **-мыш, -міш** қосымшаларына берген пікірлері біркелкі емес. А. Есенқұлов бұл қосымшаны “тарихи жағынан алғанда зат есімге тән жұрнақ. Осы күнде кейбір түркі тілдерінде бұл жұрнақтың зат есім жасайтын жұрнақ ретінде сақталғандығы көне жұрнақтың қалдығы” - деп көрсетеді. Осы жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздер **жазмыш, болмыс, тұрмыс, тарамыс** қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде негізінен бір ғана мағынада қолданатындығын негізге алады [9]. М. Томанов бұл қосымшалардың Орхон-Енисей және Орта ғасыр жазбалар тілінде есімшенің өткен шағын жасағандығын, қазіргі кезде **-ған** қосымшасының қызметін атқаратындығын атап көрсеткен. Жазба ескерткіштер тілінде **-мыш** қосымшасы сөйлемнің анықтауыш, баяндауыш қызметтерімен қатар тұрлаусыз мүшелерінің өзге түрлерінің қызметін атқаратындығын көреміз [10]. М. Қашқари **-мыш** қосымшасы туралы “өткен шақ етістігі дәрежесінде қолданылғанда етістікке **-мыш** қосымшасы жалғанады. Мұндай жағдайда **-мыш** өткен шақтың күмәнді мағынасын білдіреді. “евгә **бармыш**” – “ол үйге барған болу керек” немесе “ол үйге барған шығар.” “Ол менге **келміш**” “ол маған келген болу керек” немесе “ол маған келген шығар.” Барғанын немесе келгенін мен көрген жоқпын. М. Қашқари бұл қосымшаны **-ды** қосымшасымен салыстыра қарайды. **-мыш** қосымшасы арқылы жасалынған есімше күміндану, сенімсіздікпен айтылғандық мағына білдірсе, **-ды** қосымшасы анық, айғақты екендігін көрсетеді. Мысалы “**барды**” деген сөздің мағынасы “барғанын өзім көрдім, барғаны анық” деген мағынаны көрсетеді [11].

Қадырғали Жалаиридін “Жамиғ-ат тауарих” шежіресінің тілін зерттеген Т.Қордабаев “**-мыш, -міш** қосымшасының шежіреде есімшенің

өткен шағын жасай отырып, баяндауыш функциясында да есім сөздің анықтауышы функциясында да қолданылғанын” - атап көрсетеді. Және төмендегі мысалдарды атап келтірген. “Үйінің түнлігі **ашылмыш**, андын нұры пайда болды. Соң яна бағы **болмыш**. Ұлығлар кішіглерні **асырамыш** қылмаслар”[12]. **-мыш**, **-міш** қосымшалары туралы түрколог М. Оразов тереңірек зерттеу жасап, түркі тілдері тарихын зерттеген ғалымдардың еңбектеріндегі пікірлеріне баға бере отырып, төмендегідей тоқтамға келген. Біріншіден, **-мыш**, **-міш** қосымшасының ғалымдар даусыз қабылдаған этимологиясының жоқтығы. Екіншіден, бір топ ғалымдар бұл қосымшаны кірме элементтер арқылы анықтауға әрекет етсе, екінші бір топ ғалымдар түркі тілдері материалдары негізінде анықтауға әрекет еткен. Және бір топ ғалымдар оның құрамында түбір сөздердің ықшамдалу процесі бар деп есептесе, енді бір ғалымдар екі қосымшаның бірге арқылы жасалынған дейді. Қазірше анық, даусыз мәселе **-мыш**, **-міш** қосымшасы ерте дәуірден бері қолданылып келе жатқан жалпы түркілік сипатқа ие болған көп мағыналы, көп функциялы қосымша [13,113]. Олардың қазіргі күнде тек Оғыз тілдеріне тән қосымша ретінде алынуы сол тілдердің грамматикалық категориясының бір қосымшасы ретінде қолданылуы соңғы дәуірдегі тіл дамуының жемісі ғана [14].

-мыш, **-міш** қосымшалары түркі тілдерінің ішінде қолданылу аясы бірдей емес. Бұл қосымша түркі тілдеріндегі жоғарыда аталып өтілгендей оғыз топтарының актив қосымшалырының бір болып саналатын болса, қыпшақ топтарында бұл қосымшаның қызметін **-ған**, **-ген**, **-қан**, **-кен** қосымшалары иеленген. Дегенмен, М. Оразовтың пікірінше “**-мыш**, **-міш** қосымшалары түркі тілдерінің барлығына тән XIV ғасырға дейінгі жазбаларында қолданылғандығын” - атап көрсетеді. Бұл қосымшалар қазіргі түркі тілдерінің қыпшақ топтарындағы башқұрт, татар, қарлұқ тілдерінің әдеби тілдерінде жеке қолданылмағанымен бұл қосымша ол тілдердің диалектілерінде қолданылады [13,106]. Ал, қазіргі қазақ тілінде **-мыш**, **міш** қосымшалары әдеби тіл нормасына жатпағанымен, Ш.Сарыбаевтың еңбегінде Қостанай облысының көптеген аудандарында қолданатындығы көрсетіледі.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы басылымдарда және сол кезеңдерде шығарылған ауыз әдебиеті үлгілерінде грамматикалық ерекшеліктердің болуы, ерте кездегі жазба нұсқаларының әсері болса керек. Қазіргі таңда **-мыш**, **-міш** қосымшалары әдеби тіл нормаласы болмағанымен, кейбір сөздерге жалғанып, заттанып қолданылады. Мысалыға: “**жазмыштан озмыш жоқ**”, **болмыс**, **тарамыс** т.с.с.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Б. Әбілқасымов, “Алғашқы қазақ газеттерінің тілі”. Алматы. 1971 ж. 8-12-беттер.
2. Р. Сыздықова, “Абай шығармаларының тілі”. Алматы. 1968 ж. 229-бет.
3. “Дала уәләятының газеті”, қысқартып “ДУГ”-деп алдық.
4. Ы. Алтынсарин, “Киргизская хрестоматия”. Орынбор. 1879 ж. 13-бет
5. “Түркістан уәләятының газеті”, қысқартып “ТУГ”-деп алдық.
6. Р. Сыздықова, “Қазақ әдеби тілінің газеті”. Алматы. 1993 ж. 234-бет
7. Б. Әбілқасымов, “XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі”. Алматы. 1982 ж. 178-бет.
8. А. Құнанбаев. Шығармалар жинағы. 1-том. Алматы. 1961 ж. 471-476 беттер.
9. А. Есенқұлов, “Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар”. Алматы. 1976 ж. 322-бет.
10. М. Томанов, “Қазақ тілінің тарихи грамматикасы”. Алматы. 1988 ж. 228—бет.
11. М. Қашқари, “Түбі бір түркі тілі”. Алматы. 1993 ж. 117-бет.
12. Т. Қордабаев, “Тарихи грамматика мәселелері”. Алматы. 1975 ж. 37-бет
13. М. Оразов, “Етістік”. Алматы. 2001 ж. 113-бет.
14. Ш. Сарыбаев, “Қазақ диалектологиясы”. Алматы. 1991 ж. 162-бет.
15. С. Исаев, “Қазақ тілінің мерзімді баспасөз дамуы”. Алматы.
16. Х. Бекхожин, “Қазақ баспасөзінің даму жолдары”. Алматы. 1964 ж.
17. Н. Қарашева, “XX ғасырдың басындағы қазақ публицистика тілінің ерекшеліктері”. Айқап журналы бойынша. 1959 ж. Канд. дис.